

Құрметті қонақтар, армысыздар,  
Бәріңіз де есен-сау бармысыздар.  
Бүгінгі той тағы тойға ұлассын деп,  
Қуанышы ортақ тойдың жалғасы бар.

Қонағыма шайланған ақ байталды сойдырамыз,  
Қонағыма астауменен ет тартып тойдырамыз.  
Қос қазы, шеке мен бас - той кәдесін,  
Құдамыздың алдына қойдырамыз.

Басталсын! Ағытылсын тойдың көші,  
Бүгінгі той – би мен әннің, ойын кеші  
Сыпайы қонақтарым қысылмаңдар,  
Ақ тілек пен ақ көңілдің бұл бір кеші.

Уйсин елин баскарган Аргы атам Байдибек  
Бек Қазыбек

п

Қыдырбекұлы Балғабек

Жетісу ата қонысым, Алматы біздің жеріміз,  
Дала мен тауды жайлаған Шапырашты еліміз.  
Аққу-қаздар тойлаған Сарыесік атырау,  
Күрті - бабам атындағы, Іле, Балқаш көліміз.

Бауырында Алатаудың, Медеу сайы ойында,  
Қаласында Алматының, Кіші Алматы бойында,  
«Қазақстан» ғимаратында басын қосып үш жүздің  
Өкілдерін тойға жиып күту парыз мойнымда

Қазақ құдасын құдайдай сыйлаған  
Атам қазақтың дәстүрі бар екен,  
Кем болмаса жазбаша бір-ақ әріп  
Құдайдан құданың несі кем екен!

Түп нағашым – дулаттарым  
Құда болды қайтадан,  
Құдағиым «апалаған»,  
Төркіні екен анамның.

Жаңғырды сүйегі әжемнің,  
Жаңғырды сүйегі анамның  
Қайтадан мың жыл құда болдық,  
Гүл бітсін басқан қадамың!

Бүгінгі күн той басы деп, ғаламға жар саламыз  
Құшақ жайып, құдалармен төс қағысып аламыз  
Екі жасқа жыр мен өлен, биімізді арнаймыз,  
Той басталды үйленді Дәрмен, Дариға баламыз!

Той ашудың рәсіміне өзіміз бел байладық,  
Асабаны – тамаданы алдын ала сайладық,  
Құтты болсын тойымыз деп, той-думанды бастасын,  
Той басқарған ...пәленше....ні Тәңіріміз қостасын!

2016